

Еділбаева С.Ж.,
Құдайбергенова Н.Ж.

**И. Кант философиясындағы
білім беру мен
рухани-адамгершілік
құндылықтарының
сабақтастығы**

Мақалада Канттың рухани-адамгершілік құндылықтар туралы философиялық және педагогикалық ойларының сабақтастығы идеясы келтірілген. Кант бойынша білім беру – бұл адамгершілікті қалыптастыру, еркіндік пен автономияны сақтау. Канттың педагогикалы ойларының түпнегізі тек қана тәрбие арқылы адам қалыптасады деген антропологиялық тұжырымға саяды. Кант тәрбие беруді жүйелендіреді: тәрбие, мәдениет, өркениетке араласу, және категориялық императив негізіндегі адамгершілік. Білімнің өлшемі – бұл жеке ақыл-ойы арқылы өзінің еркіндігін сақтайтын, демек, зердесін сақтайтын адам. Білім берудің мақсаты – адамзатты кемелденуге бағыттау, адамға өзінің болмысын іске асыруға көмегін тигізу және адами болмысты дамыту.

Түйін сөздер: И. Кант, білім беру, құндылықтар, өркениет, категориялық императив.

Edilbayeva S.Zh.,
Kudaibergenova N.Zh.

**Unity of spiritual and moral
values and educational
philosophy of Immanuel Kant**

In the article the idea of the unity of philosophical and pedagogical thinking of Kant, which follows from the Kantian moral and philosophical reflections. Education Kant – the formation of morality, preservation of autonomy and freedom. The starting point is the argument of Kant's anthropological definition that only by educating people to become human. Kant organizes tasks of education: discipline, culture, civilization, introduction to civilization and morality in the sense of the categorical imperative. The measure of education – a subject that is configured to himself as a man who saves his freedom of independent thinking and thus your mind. The purpose of education – to direct the human race for excellence, facilitate the implementation of a man of his appointment, to cultivate their human nature.

Key words: I. Kant, education, values, civilization, categorical imperative.

Еділбаева С.Ж.,
Құдайбергенова Н.Ж.

**Единство
духовно-нравственных
ценностей и образования
в философии И. Канта**

В статье проведена идея единства философского и педагогического мышления Канта, следующая из кантианских морально-философских рефлексий. Образование по Канту – формирование моральности, сохранение автономии и свободы. Исходной точкой аргументации Канта является антропологическое определение, что только посредством воспитания человек должен стать человеком. Кант систематизирует задачи воспитания: дисциплина, культура, цивилизованность, приобщение к цивилизации и нравственность в смысле категорического императива. Мера образования – это субъект, настроенный на самого себя как человека, который сохраняет в самостоятельном мышлении свою свободу и, тем самым, свой разум. Цель образования – направить род человеческий к совершенству, способствовать выполнению человеком его назначения, развивать в себе свою человеческую природу.

Ключевые слова: И. Кант, образование, ценности, цивилизация, категорический императив.

**И. КАНТ ФИЛОСОФИЯ-
СЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ
МЕН РУХАНИ-
АДАМГЕРШІЛІК
ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ
САБАҚТАСТЫҒЫ**

Неміс классикасы, соның ішінде Гердер, Кант, Шлейермахер, Гегель, Гумбольдттардың есімдерімен байланысты айтылатын философиялық ойлар тарихындағы тұтас кезең тұлғаның гуманистік білімін қалыптастыруға, соның ішінде тұлғаның білім алуға деген құқығын тұрақтандыруға байланысты болды. Білімнің дағдарысы кезінде және одан шығу амалын іздеу барысында Канттың білім туралы философиялық ойлары ерекше орын алады.

Руссоның білім мәселесіне байланысты ұсынатын концепциясы – «Шынайы ерікті адам» [1, 83 б.]. Руссоның бұл тұжырымдамасы Кант философиясына да өз ықпалын тигізген. Канттың пайымдауы бойынша, Руссоның негізгі ойы, адамды тәрбие ерікті етеді деп тұжырымдалады. Руссоның философиялық пайымдауларындағы еркіндік талабы Кант философиясында шешімін табуы қажет, жеке адам мен бүкіл адамзатқа игі септігін тигізетін мәселеге айналады. Тәжірибе болса, бостандыққа деген сұранысты, бостандыққа деген талапты негіздейді.

Кант үшін білімді болу көп білу емес, барлық нәрсені талқылай білу, өз заманындағы өркениет пен мәдениетті жоғары дәрежеде игеру болып табылады. Алайда ол үшін білімді болу келешекте қандай іс-әрекет жасау үшін өз-өзіне деген, әрбір қадамына деген есеп беру еді [2]. Ағартушылық пен категориялық императив бір-бірімен тығыз байланысты, өйткені ағартушылық адамгершілік мәселесімен қатар жүреді, ал категориялық императивті ынталандыру білім мен тәрбиенің міндеті болып табылады. Канттың педагогикалық және философиялық ойлауындағы бірлік мәселесі канттық адамгершілік-философиялық рефлексиядан негізделеді. Канттың пікірінше білім алу – адамгершіліктің қалыптасуы, автономия мен еркіндіктің сақталуы, автономды тұлғаның қоғамға араласуын қарастырады. Білім алу жөніндегі бұл ойлар Платонның, Августиннің, Ф. Аквинский мен Руссоның ақыл-ойы мен логикасына қатысты келеді.

Канттың «Педагогика жайлы», «Ағартушылық дегеніміз не деген сұраққа жауап», «Факультеттер дауы» атты жұмыстары қызығушылыққа тұрарлық [3; 4; 5]. Канттың оқытуындағы тәрбие мен білімнің рухани негізін Руссо мен Локк тұтастырды. Канттың білім жайлы түсінігінің негізгі идеясы ретінде табиғи нышандардың табиғи өсімі болған. Бұл тек қана сарай маңын-

дағы білім алудың идеалына қарсылық ретінде ғана емес, сонымен қатар милитаристік бағыттағы діни хабардар және тәжірибелік тәрбиеге де қарсы болу болып табылатын. Адам сенімді жеке тұлға ретінде даму керек. Кант өзінің ойлауына Руссоның үлкен ықпалын көптеген рефлексияларда баяндады.

Канттың аргументінің бастапқы нүктесі ретінде «Адам – тәрбиені бастайтын жалғыз тіршілік иесі» [3,445 б.] деген мағынасы бар антропологиялық анықтама болып табылады. Бұл үшін негіздеме ретінде Кант бойынша жануарлардан айырмашылық ретінде адамзаттың конституциясы: «Жануар өзінің түйсігі арқылы барлығына ие; бөтен ақыл-ой оған барлық жағдайды жасап қойған. Ал адамға өзінің жеке ақыл-ойы керек. Адамда түйсік болмағасын, ол өзінің мінез-құлқының жоспарын өзі жасап алуы керек. Алайда ол жарық дүниеге әлсіз болып келгесін, бұл жоспарын өзі жасайтын жағдайда болмағасын, оған басқалар қамқор болулары керек» [3, 445 б.] сәйкес келеді. Жануарлардың мінез-құлқы түйсік арқылы анықталса, адам анағұрлым үлкен ашықтығымен ерекшеленеді, бірақ бұл ашықтық оның әлсіздігімен ұштасады, сондықтан да адам баласына үлкен тәуелділік әкеледі. Және де, адамның әлсіз түйсігінің әсерінен не нәрседен тәуелді болуын – Кант *тәрбие* деп атап кетті. Бұл мағынада тәрбиелі болу ол үшін келесі ойды ашады: «Адам тек *тәрбие* арқылы адам болып қалыптаса алады. Адам тәрбиені қалай қабылдаса, сондай болып қалыптасады» [3,447 б.]. Тек қана тәрбие арқылы адам осындай болуы керек. Осыны ұйғара отырып, Кант келесі ойды жазады: «Адамзат баласы өзінің күшімен, талпынысымен бірте-бірте адамзат табиғатына сай барлық қасиеттерді қалыптастыру керек» [1, 445 б.]. «Адамзат» адамды адам етуді іске асырудың формасы, табиғаттан бастау алса да, сонда да енді ғана «өндіруге», қалыптасуға, өркендеуге келетін бейімделіс секілді.

Өркениет тарихы жайлы Канттық көзқарасқа сәйкес келетін педагогика жайлы кіріспесі – адамдардың табиғи бейімделісі тарихта олардың өздерінің күш-жігерімен өркендеу керек деп шығады [3,445 б.]. Еркіндіктері ешқашан жеңіліс таппайтын «Үлкендердің тәрбиесіне» қарсылық ретінде, ақыл-ой көмегімен тәртіпті талап етуге көңіл аударылады. Адам тәрбиені қалай қабылдаса – адам да сондай болады деген ағартушылық ой адамның үлкен мүмкіндіктері әлі де таусылмағаны жайлы хабардар береді [1,448 б.]. Кез келген идеалды жоққа шығармау керек, өйткені «Адамның бойындағы барлық табиғи мәлі-

меттерді жетілдіретін тәрбие жайлы ой, қандай жағдай болса да, ақиқат көзі» [3,448 б.].

Әрине, бұл жағдайда келесі сұрақ туындайды: егер де адамды адам ететін дүниені оның өзінің бойынан басынан бастап таба алмасақ, және ол адамға тек тәрбиенің арқасында бойына сіңе білсе, онда адамдық болмыс немесе адам болу шарты неден тұрады, сөйтіп тәрбиенің мақсаты қандай болмақ? Кант бұл сұраққа, тәрбие көрмеген адамдар не нәрсеге ұмтылу керектігін аңғару үшін, жеке тұлға ретінде қалыптасқан тәрбиелі адамды зерттей отырып, былайша жауап береді: тәрбиенің өзін адам жаратқан, сондықтан да, сөзсіз ол – әлі жетілмеген дүние [3, 447 б.]. Тәрбиенің мақсаты ең ақырында белгісіз болып қалу керек деген Канттың ойлауы, мінеки, осындай болмақ. «Адамды жетілдіру» идеясы Канттың келесі бір ойына да қарсылық көрсетпейді: «Мүмкін дағды, тәрбие бірте-бірте жақсара түсіп, әрбір келер ұрпақ адамзаттың кемелденуіне өз үлестерін қосатын болар: *өйткені тәрбие өз бойында адам табиғатының кемелденуінің үлкен құпиясын сақтайды...* Тәрбиенің арқасында адамның табиғаты одан да жақсырақ жетіле түсетінін және оған адамзат идеалына тура сәйкес болатын пішін беруге болатынын көз алдымызға елестетудің өзі қызығарлықтай. Бұл асыл үміт алдымызға жарқын келешекті, аса бақытты адамзат ұрпағын көрсетіп ашады» [3,448 б.].

Дәл дегендей, тәрбиенің мақсаты әлі де белгісіз болғасын және «адамзат табиғатының жетілдірілуі құпия болып қалу үшін», адамзаттың бұл «жетілдірілуі» болашаққа деген ашық үдеріс ретінде қол жетімді және қажет дүние болып табылады. Бұл ретте жетілдірілудің үздіксіз өрлеп отыруы жайлы Канттың оптимистті түрде ойлауы да айқын көрініп тұр. Жетілдірілу ойын ұстана отырып, Кант тәрбие көзімен жүзеге асатын жетілдірілу үдерісін былайша сипаттайды: «Адамзаттың бойында көптеген нышандар бар, ал біздің мақсатымыз – пропорциональды түрде адамның табиғи қабілеттерін жетілдіре білу және оның бұл қасиеттерін туылғанынан бастап аша білу, адам баласы өзінің түпкі мақсатын ұғыну үшін. Жануарлар өз мақсаттарын өздігінен әрі санасыз істейді, ал адам баласы алдымен ол мақсатқа жетіп алу керек. Ал егер оның бұл мақсаты жайлы түсінігі болмаса, мақсат туралы ойлау да мүмкін емес» [3, 449 б.]. Канттың теологиясы оның білім жайлы философиясына қайта оралады.

Жоғарыда айтылған ойлардың барлығының түпкі айтары: тәрбиенің мақсаты үйлесімді да-

му, адам баласының бойындағы табиғи нышандарды жетілдіру болып табылады.

Алайда адамды ізгі жолға түсіретін тәрбиесіз неден тұрады? Соңғы ойдың екі түрлі нұсқасы бар, олар көбінесе тәрбиені пән ретінде қарастыратын педагогикалық ойлардың тарихында қолданылады. Алдымен, тәрбие қалыптастырушы іс -әрекет болып табылады (біздің міндет... адам өзінің мақсатына жетсе...), оны қолөнершінің іс әрекетімен салыстыруға болады, өйткені қолөнерші қолындағы бар өнімдерімен белгілі бір «өнім» өндіріп шығуға тырысады. Тәрбиенің бұл көзқарасына келесі бір ой қарама-қайшы келеді: тәрбие қамқорлық көріп жетілу ретінде («адамның қасиеттерін туылғанынан бастап аша білу»). Бұл көзқараста тәрбиені баптаушы кәсібімен салыстыруға болады, өйткені баптаушы өз өсімдіктерінің табиғи өсімін үнемі қадағалап, қарап жүреді, оларға бас көз болады. Кант үшін шешімі бар ой – бұл табиғат адамды бұл үшін ешқандай түйсікпен дарытпаса да, адами дағдылардың жетілдірілуі өз-өзімен пайда болмайды. Сондықтан тәрбие осының дұрыс жетілдірілуіне ықпал болатын *әрекет* болуы керек. Канттың пікірінше, «өнер» – бұл ерекше икемділікті маңызды қылатын нәрсе. Және бұл өнер «механикалық» түрде жаттықпауы қажет, ешқандай жоспарсыз емес, критикалық, орынды түрде жаттығуы қажет [3, 451 б.].

Кант үшін болашаққа деген педагогикалық іс-әрекеттің бағдары маңызды болып табылады. «Тәрбиенің өнері атты қағида айтады: балалар осы күн үшін емес, келер күн үшін, болашақ үшін тәрбиеленуі керек, мүмкін дағы адамзат ұрпағының жақсы халіне жету үшін тәрбиеленуі керек» Бұл қағиданың үлкен маңызы бар. Ата-аналар балаларын қазіргі кез үшін тәрбиелейді, алайда олар балаларын дан да жақсырақ, жарқын болашақты шақыру мақсатында тәрбиелесе болар еді». Сонымен қатар тәрбиеде педагогиканың алар маңызы ерекше екенін де Кант көрсетіп шықты. Мысалы, педагогикалық іс өсіп келе жатқан ұрпаққа қоғамдық өмірдің тәртіптерін дәл солай қабылдамай, оны өзгертуге, қайтадан жаңаша қалыптастыруға ат салысуға көмектеседі дейді. «*Тәрбиенің өнері* атты қағида» Кант бойынша былай: бала қазіргі кез үшін емес, болашақ үшін, мүмкін дағы адамзаттың жақсы, гүлденген кезеңі үшін тәрбиеленуі керек [5, 452 б.]. Ал бұл талап тек ағарту арқылы жүзеге асады. «Ағарту – бұл адамның өз кесірінен отырған оның ержетпегендік формасынан шығу», «...өз ақылыңды қолдана білетін батылдыққа ие бол!» – міне, ағартудың ұраны осындай» [5, 27 б.].

Келесіде Кант тәрбиенің міндеттерін жүйелейді: тәртіп, мәдениет, өркениетті болу, өркениетке бейімделу, және де адамгершілік. «Жақсы мақсаттар қажеттілігіне байланысты барлағымен де мақұлданған және бір уақытта барлағының да мақсаттары бола алады» [3,454 б.]. Жоғарыда айтылған төрт қадамнан бөлек тәртіп пен тәрбиенің басқа да бөліктері бар, мысалы үш міндет секілді: «күтім және білім», «тәртіп және оқыту». «Адам күтім мен білімді мұқтаж етеді. Білім өзіне тәртіп пен оқытуды кіргізеді» [3,447 б.]. Алайда бұл ретте төрт қадамдық бөліктер тәрбие барысында ашық әрі маңыздылау болып келеді.

Қадамдардың алғашқысы ретінде, тәртіп Кант үшін «адамның хайуандық бөлігі оның адами құндылықтарын басып тастамау үшін қажет» [3,453-454 бб.]. деген рөл атқарады. «Адам табиғатының жетілдірілуіне» негізделген тәрбиенің көзі адамның хайуани белгілерінің оның спецификалық нышандарының пропорциональды ашылуына кедергі болмауын қарастырады.

Тәрбие барысындағы қадамдардың екіншісі ретінде Кант мәдениетті қарастырады және оған «кез келген мақсатқа жеткізетін белгілі бір қабілетке ие болу» [5 454 б.] деген анықтама береді. Әрине, бұл қадамда баланың бойында оның «кез келген мақсатына» қол жеткізуге септігін тигізе алатын қабілеттерін дамытуды қарастырады. Кант бұл ойда сонымен бірге «тәлім пен оқыту» жайлы сөз етеді, және оған мысал ретінде оқу мен хатты айтады [3,454 б.]. Қазіргі таңда Канттың нұсқауы бойынша мәдениетке компьютерге үйретуді де жатқызуға болар еді.

Үшінші қадам ретінде Кант өркениетті: «адам баласы ақылды, білімді, өз қоғамына пайдасы келетін, ұнамды әрі дәрежесі биік» [3,454 б.] болу керек деп қарастырады. Мәдениет жайлы айтқанда, іске сәйкес келер қабілет жайлы сөз қозғалса, өркениеттің алдыңғы қатарында ортақ қоғамдық өмірге қажетті әлеуметтік компетенциялар тұрады. Сондықтан Кант бұл компетенцияларды «өз мақсатына жету үшін адамдарға қолданатын сыйластық, кішіпейілділік, дұрыс сөйлеу» деп атайды. Бұл жағдайда Кант осындай өркениеттің табиғи өзгерісіне сілтеме жасап, оның «әрбір ғасырдың талғамына сай өзгеріп отыруы» жайлы да сөз қозғайды.

Өркениеттілік, мәдениеттің дамуына ұқсас, кейбір жағдайларда моральды бейтарап болып келеді. «Моральды білім...өзіне көп көңіл аударылуын талап ететіні, сөзсіз...» [59, 484 б.]. Сондықтан Канттың аргументтерінің ішіндегі

тәрбие жайлы теорияларында келесі бір ой шығады: «Адам баласы қайсыбір мақсаттар үшін ғана қажет болуы керек емес, қоғамда барлығына да ұнамды, тура келетін жақсы мақсаттарды таңдап, солар жайлы ойлануы керек» [3,454 б.].

Бұл қадам Кант үшін тәрбиенің заман талабына сай теориясына шешімді еңбегі болып табылады. Кант бойынша тәртіп, мәдениет және өркениеттілік оның заманындағы педагогикалық тәжірибеде іске асырылған болса, ал адамгершілік әлі де қол жетпеген мақсат еді. Бұл қадамда басқаша, сөз басы сыртқы қабілеттерге емес, адамның ішкі құрылысына, оның «ой шабыты» байланысты келеді [3,454 б.]. Оның алдындағы екі қадамға қарағанда, мақсаттар әр түрлі емес, қоғамдағы адамдардың көңілінен шығатын, оны барлығы да өз мүддесіне сай пайдалана алатын «жақсы» болулары керек. Бұл жағдайда осы критерий «категорикалық императивке» де ұқсас келеді.

Канттың айтуы бойынша, бұл мақсатқа қол жеткізу үшін балалар «ойланып» үйренуі керек. Бұған мысал ретінде Кант «ұятты» алады. «Балалардың жастайынан ұятқа деген жиіркеніш сезімін тудырту, ең алдымен Құдай бұған жол бермейтіннен емес, бұның өзі де ұсқынсыз екенін білдірту үшін керек» [3, 457 б.]. Сонда осыған баларды қалайша *үйрету* керек деген сұрақ туындайды. Оның жауабы Канттың «Моральды мәдениет қағидаларға емес, тәртіпке негізделген болуы қажет» дәрісінде табылған. «Қалайша балаларды өздерінің ой санасын дұрыс пайдаланып, ойлануын іске асыруға болады?» – деген сұраққа Канттың да жауабы екі жолдан: бұл үшін мәжбүрлеу де, ерік те бірдей қажет, ал олардың арасындағы өзектілік те екеуін бір -бірімен сыбайластыру үшін қажет, – дейді. Осы мәселе үшін Канттың әйгілі формуласы да айтады: «Қалайша мен мәжбүрлеу бар жерде бостандық сезімін өсіре аламын?» [3,458 б.].

«Бостандық» деген ұғымда Кант нені түсінеді, неліктен бұл бостандыққа мәдениеттің дамуы қажет? Бостандық – Кант үшін, ең алдымен, адамдардың соған табиғи қажеттілігі бар «заңдардан тәуелсіздік» деген мағынада. Сонымен қатар бұл мағынада өз еркінің қалауымен жүру жайлы сөз етіледі [3, 446 б.]. Мұндай бостандық түріне балалардың ынталануы олардың «өз ойларына келгенін істеуінде»дейді Кант [3,446 б.]. Бостандық ұғымы белгілі бір дәрістерде тәжірибелік тәуелсіздік деген өзінің мағынасын қарастырады [3,458-459 б.], басқаша айтқанда, сыртқы қамқорлықтан дербес, тәуелсіз бола білу дегенді білдіреді. Ақырында, бостандық ұғымы

Кант үшін өз еркін, тәуелсіз йлауын адам ағарту жлында қолдана білсе, өзінің санасын барлық істерді атқаруға қолдана біліп, кәметет екенін көрсету.

Сондықтан Кант үшін бостандықтың үш түрі де: тәлкек, тәуелсіздік, кәметет тәрбие барысында елеулі рөл атқарып, мәдениеттің бір белгісі болып табылуы керек. Кант мәдениет еркіндігінің дамуы жайлы былай дейді: «Мен өзімнің тәрбиеленушімді оның бостандығының шектеулігін қабылдауы жайлы және,сонымен қатар, оған осыны жақсы пайдалануы жайлы үйретуім керек» [3,458 б.]. Осыған орай тәрбие жайлы бір-біріне қарама-қарсы екі түсінік қалыптасады: оның біріншісінде тәрбиені бостандықты шектеуші құрал десе, екіншісінде – тәрбиені сол «бостандықты» жақсы қолдануға үйретуші құрал деп көрсетеді. Бірінші түсінік тәлкекке жатса, екінші түсінік тәуелсіздік пен кәмететке жатады.

Бостандықты мәдениеттендіру – шектеулік деп түсіндірілсе, оны мәдениеттендірудің мәні мәжбүрлеудің қажеттілігімен түсіндіріледі. Мәжбүрлеудің қажеттілігі жайлы Канттың дәрістерінде үш нұсқасы беріледі.

Мәжбүрлеудің қажеттілігінің бірінші нұсқасында баланың үлкенді тыңдауында, яғни: «бала әлі өзі ойланып, шешім қабылдай алмағасын, ол оған не бұйырады, соны істеуі керек» дейді. Канттың айтуынша, бала өзі шешім қабылдай алмағасын, ол тек өзгелердің іс-әрекетін көшіре бастайды дейді. Осыған байланысты «бостандық – тек қана бала сол арқылы өзіне зиян келтіріп алса ғана шектеледі» деген түсінік сәйкес келеді. Кант: «балаға, ерте жасынан бастап бостандықтың әр түрлі жағдайын жасап берсін (егер тек ол сл арқылы өзіне зиян келтіріп алмаса)» [3, 458 б.] дейді.

Екінші нұсқа: «Тәрбиеленуші тек оған үлкендер не айтады, соны жасауы тиіс, егер келесі жолы оған өздігінен іс-әрекет жасауға рұқсат еткенін қаласа» деген түсінікті ұстанады. Бұл жерде педагогикалық амалы бар ой туындайды, яғни: «егер бала өзгенің мақсатқа жетуіне ықпал етсе, онда өзі де мақсатқа жетеді» [3, 458 б.]. Мәжбүрлеудің қажеттілігінің ақырғы соңғы нұсқасында былай делінеді: «бала ерте жасынан бастап қоғам тарапынан сөзсіз қарсылықтың болатынын түсінуі тиіс», өйткені ол тек қана «өзін қорғау арқылы, бір нәрседен айырылып, табуды шыдау арқылы ғана тәуелсіз бола алады» [3, 458 б.].

Әрине, Канттың ойлаулары даусыз. Оның мәжбүрлеудің маңыздылығы және педагогикалық іс-әрекеттердің ережелері жайлы түсіндір-

мелері педагогикалық мәжбүрлеудің тарапынан шектеуші ретінде қарастырылады. Басқаша айтқанда, Канттың ізінен жүрсек, тәрбиеленушілерге толықтай еркіндікті қамтамасыз ету керек дейді. «Тәжірибелік тәрбие» жөніндегі жұмыстың соңғы бөліміне діни тәрбиенің рөлі сәйкес келеді: «Біздің мектептерде балаларға парасаттылықты жоғарғы деңгейде үйретерлік нәрсе, басқаша айтқанда құқықтық катехизис жоқ» [3, 494 б.].

Білім шамасы – өз-өзіне негізделген, тәуелсіз ойлауын, өз санасын сақтай білетін адам сияқты, субъект. Білімнің мақсаты – адамзат ұрпағын кемелдікке жеткізу, адамның өз бойындағы табиғи құндылықтарын жетілдіру және оған жүктелген асыл міндеттерді іске асыру болып табылады. Канттың еңбектері көпеген маңызды философиялық тұжырымдардан және, сөзсіз, XVIII ғасырдың соңындағы неміс философиясының ағартуының жоғарғы деңгейінде тұрады.

Әдебиеттер

- 1 Руссо Ж-Ж. Эмиль или о воспитании // Педагогические сочинения: В 2-х т. – Т. 1. – М.: Педагогика, 1981.
- 2 Кант И. Антропология с прагматической точки зрения (1798) // Кант И. Сочинения в 6 т.
- 3 Кант И. О педагогике // Кант И. Трактаты и письма / отв ред. А.В. Гулыга. – М.: Наука, 1980. – С. 445–504.
- 4 Кант И. Спор факультетов // Кант И. Сочинения в 6 томах – М.: Мысль, 1966. – Т. 6.
- 5 Кант И. Ответ на вопрос: Что такое просвещение. Сочинения в 6 томах. –М., 1966.

References

- 1 Russo Zh-Zh. Jemil' ili o vospitanii // Pedagogicheskie sochinenija: V 2-h t. – Т. 1. – М.: Pedagogika, 1981.
- 2 Kant I. Antropologija s pragmaticheskoj točki zrenija (1798) // Kant I. Sochinenija v 6 t.
- 3 Kant I. O pedagogike // Kant I. Traktaty i pis'ma / отв red. A.V. Gulyga. – М.: Nauka, 1980. – S. 445–504.
- 4 Kant I. Spor fakul'tetov // Kant I. Sochinenija v 6 tomah – М.: Mysl', 1966. – Т. 6.
- 5 Kant I. Otvet na vopros: Chto takoe prosveshhenie. Sochinenija v 6 tomah. –М., 1966.